

БЕКІТЕМІН

«Жәңгір хан атындағы Батыс  
Қазақстан аграрлық-техникалық  
университеті» КеАҚ басқарма  
төрағасы-ректор

 А.М. Наметов  
« 26 » 08 2021 ж




БӨЛІМ ЕРЕЖЕСІ

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ**

СМЖ.07.БЕ.59

№ 01 басылым

№ Дана

Дайындалды: 27.08.2021ж	Келісілді: 25.08.2021ж	Енгізілді: 27.08.2021ж
Сұлтанов А.Ұ. 	Губашев Н.М. 	Орнына: СМЖ.07.БЕ.59 27.08.2018ж
	Алмагамбетова 	Қайта қаралды:
	Таскалиев Е.К. 	27.08.2024ж
	Ихсанов. Е.Б. 	

**Мазмұны:**

1. Жалпы ережелер
2. Мақсаты мен негізгі міндеттері
3. Қызметтері
4. Құқықтары
5. Жұмысты ұйымдастыруы
6. Басқа бөлімдермен өзара қарым- қатынасы
7. Жауапкершілігі
8. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			ТАӘ	Қолы

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. «Рухани жаңғыру» орталығының директоры Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, КеАҚ–ның басқарма төрағасы,- ректордың бұйрығымен тағайындалады және босатылады.

1.2. Орталық директоры басқарма төрағасы –ректорға, әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректорға тікелей бағынады.

1.3.Орталық директоры өзінің жұмысында басшылыққа алады:

- Басқарма төрағасы- ректордың бұйрықтарын;
- Ішкі тәртіп ережесін;
- Университеттің ішкі нормативті құжаттарын;
- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің (бұдан әрі-ҚР АШМ), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің (бұдан әрі – ҚР БҒМ) аграрлық білім мен ғылымның мазмұнын құрастыруға байланысты бұйрықтарын, әдістемелік және нормативтік материалдарын.

## **2. Мақсаты мен негізгі міндеттері**

3.1.Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-да құрылған «Рухани жаңғыру» орталығының мақсаты – Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын насихаттау, рухани жаңғыру бағыттары бойынша жобалар ұсынып, орындау, облыстық, республикалық офистермен тікелей байланыста болып, олармен шығармашылық бірлікте жұмыс атқару болып табылады.

3.2.Негізгі міндеттері:

- Жастарды ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғыртуға, ғылым мен білімге ұмтылуға үндейтін Елбасы бағдарламасындағы идеялардың маңызын түсіндіру және көпшілікке тарату
- Бағдарлама аясында қойылған міндеттерді орындау және іс-шараларды өткізу;
- «Рухани жаңғыру» аясында ұйымдастырылған іс-шараларды әдіснамалық және ұйымдастырушылық тұрғыдан сүйемелдеу;
- Қоғамдық сананы жаңғыртудың бағдарламалық негіздерін университеттің оқу-тәрбие үдерісіне енгізу.

## **3. Қызметтері**

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша университеттің іс-шаралар жоспарын құру және жүзеге асыру;
- Бағдарламаны жүзеге асыруға бағытталған жобалар мен іс-шараларды жоспарлау, бастамашылық ету, мониторинг жасау;
- Бағдарламаны жүзеге асыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- Аймақтық жоба кеңсесіне белгіленген формада және мерзімде өткізілген іс-шара бойынша есеп ұсыну.

## **4. Құқықтары**

«Рухани жаңғыру» орталығы құқылы:

- құрылымдық бөлім басшылары мен басқа да мамандардан өздерінің қызметтік міндеттерін орындауға қажетті ақпараттар мен құжаттарды алуға;
- университет әкімшілігінен өз жұмыстарының ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін, сонымен қатар өз міндеттері мен құқықтарының орындалуына жағдай жасалуын талап етуге;
- өз өкілеттілігі ретінде құжаттарға қол қоюға және келісім беруге;

- университеттің кітапхана, есептеу орталықтары, оқу және ғылым ақпараттық қорларын тегін пайдалануға;
- Орталықтың құрылымын жетілдіруге;
- БҚАТУ Орталығының ғылыми және материалдық-техникалық базасын дамыту және нығайтуға құқылы.

## **5. Жұмысты ұйымдастыруы**

«Рухани жаңғыру» орталығы өз қызметінде көрсетілген ережелерге сәйкес университеттің жылдық жоспарлары, сапа саясатын жүзеге асыруы, орталықтың оқу жылына арналған жұмыс жоспары және оның жұмысы туралы ректорға есеп береді.

## **6. Басқа бөлімдермен өзара қарым- қатынасы**

7.1. «Рухани жаңғыру» орталығы Басқарма төрағасы-ректорға, Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректорға өз есебін беріп отырады

7.2. Университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерімен қызметтік қарым-қатынас жасайды және олармен қажетті ақпарат алмасады.

7.3. Орталықтың қызметіне қатысты дайындалған нормативтік құжаттардың жобасын университеттің басшылығымен және мүдделі бөлімшелер басшыларымен келіседі.

7.4. Орталықтың ұйымдастыратын / өткізетін іс-шараларын жүзеге асыруда БҚАТУ құрылымдық бөлімшесінің және басқа құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерінің қатысуын талап етеді.

## **7. Жауапкершілігі**

«Рухани жаңғыру» орталығы жауапты:

- орталыққа тиісті жұмыстарды мерзімді орындауға;
- ұсынылған жобалардың сапасы мен тиімділігіне;

## **8. Сілтемелер.**

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі - 11.23.2015 ж. № 414-V;

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы. № 319;

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 18.11.2015 ж. № 410-V;

ҚР СТ ИСО 9001-2015. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан арғарлық- техникалық университетінің жарғысы;

СМК.08.ПД.06 Ішкі тәртіп ережелері;